

**Келісемін**  
Кәсіподақ комитетінің төрағасы  
Ж. Керімбаев

**Бекітемін**  
Мектеп директоры  
М Байболатов

Пед.кеңес №1 02.09. 2024 ж

**«Алтынтөбе» жалпы білім  
беретін мектеп коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің 2024 -2025  
оқу жылына арналған оқу-тәрбие  
жұмысының жоспары**

**Алтынтөбе-2024 ж.**

**Төлкүжаты**  
**2024-2025 оқу жылы**

**I. Жалпы мәліметтер**

**Мекеменің толық аты:** «Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1. Ашылған жылы: 2013 жыл
2. Мектеп 300 орынға арналған
3. Мектеп әкімшілігі:

**Мектеп директоры:** Байболатов Муханбет Жанбырбайұлы

**Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:** Перденов Сабит Ондирисович

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** Керимбаев Жангали Нурлыбекович

**Директордың шаруашылық меңгерушісі:** Баратов Рахымжан Калдыбаевич

**Қосымша білім беру педагогы:** Төлеген Нуридин Құсанұлы

**Мектептің әлеуметтік педагогы:** Байгожаева Бибикан Жораевна

**Мектептің психологы:** Тәжиев Қайырбек Трғызбаевич

**Мектептің педагог-ұйымдастырушысы:** Кубенов Шахридин Ташкенбаевич

**Мектептің кітапхана меңгерушісі:** Накыпбекова Менсулу Амзеевна

**Мектептің әскери-жетекшісі:** Тошаев Сакен Бекишович

**Тәлімгер:** Кумекова Галия Смаиловна

**Дефектолог:** Шортанбаева Айгерім Мейірманқызы

**Кәсіптік білім беру педагогы:** Жетписоа Калима Конакбайқызы

**Мекеменің мекен-жайы:** ОҚО, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе е.м. К. Стамов көшесі № 51 ғимарат  
Тел: 78-0-10

**Мазмұны:**

1. Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысына талдау.
2. Жаңа оқу жылының мақсат, міндеттері
3. Лауазымдық міндеттер.
4. Жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыру.
5. Педагог кадрлармен жұмыс:
  - а) мұғалімдердің біліктілігін арттыру.
  - ә) аттестация
  - б) озық тәжірибені жинақтау, тарату
  - в) жас мамандармен жұмыс
6. Мектептің әдістемелік қызметін ұйымдастыру, мектепшілік бақылау мен басшылық
7. Педагогикалық кеңес
8. Директор жанындағы кеңес
9. Әдістемелік кеңес
10. Тәрбие жұмысының жоспары
11. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің жоспары
12. Мектептің материалдық техникалық базасын нығайту

**Педагог мамандардың сапасы:**

**Білімі**

Білімі	Педагогтар саны	көрсеткіші жалпы санынан
Жоғары соның ішінде педагогикалық	44	98
Орта арнаулы соның ішінде педагогикалық	1	2

**Біліктілік санаты бойынша**

Барлық педагогтар	44	100
Педагог	6	13
Педагог-модератор	12	27
Педагог-сарапшы	15	33
Педагог-зерттеуші	12	27
Педагог-шебер	0	

**Жұмыс өтілі**

1 -3	3	4,5
3 - 5	2	4,5
5-8 жылға дейін	2	4,5
9 -16 ж	10	23
17 – 20ж	3	6,8
21 - 30ж	11	25
31-42 ж	13	32

**Білім сапасы бойынша мектепшілік бақылау мен басшылық жасаудың қорытындылары**

№	Пәндер	I жарты жылдық	II жарты жылдық	қорытынды
1	Математика	61	63	63
2	Орыс тілі мен әдебиеті	60	59	59
3	Физика, информатика, сызу, бейнелеу	61	63	63
4	Химия, биология	64	64	64
5	Тарих және география	72	75	75
6	Технология	91	94	94
7	Ағылшын тілі	63	66	66
8	Қазақ тілі мен әдебиеті	73	75	75
9	Дене шынықтыру, БӘД	92	94	94
10	Бастауыш сыныптар 1-4	73	76	76
<b>Мектеп бойынша</b>		<b>70</b>	<b>71</b>	<b>71</b>

**Білім сапасы**

Сыныптар	I-тоқсан	II-тоқсан	III-тоқсан	IV-тоқсан	динамика
1-4	55	55,6	57	61	+6
5-9	47	47	47,8	48	+1
10-11	48	48,1	48	47	-0,8
<b>жалпы</b>	50	50	51	52	<b>+2,9</b>

### Үздіктер мен екпінділер

Сыныптар	Жылдың басы		Жылдың соңы	
	үздік	екпінді	үздік	екпінді
1-4	11	24	12	31
5-9	10	39	11	40
10-11	2	7	4	9
Жалпы	23	<b>70</b>	27	80

### Үйде оқитын оқушылар саны -1

### Оқушылардың байқаулар бойынша көрсеткіштері

Байқаудың атауы	Ауданда			Облыста			Республикада		
	2022	2023	2024	2022	2023	2024	2022	2023	2024
"Ақбота"								10	5
Ғылыми жобалар олимп	1	1	2						
«Әбу –Насыр Әл Фараби» математика дан олимпиада		1	1						
пәндік олимпиада			3						
«Алтын ұрпақ» зияткерлік сайыс									27
"Қобыланды батыр " байқауы		2							
«Самұрық»математика			6						
«Бәйтерек» олимп			1			6			
«Алтын тобылғы»						3		7	

### «Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың пән олимпиадалары мен байқауларда, жеткен жетістіктері

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жетістіктері	Жетекшісі
1.	Түзел Абылай	11-сынып	Президенттік олимпиаданың аудандық кезеңінің III-орын	П.Бұланбаев
2.	Әлібатыр Наз	7-сынып	Ұлттық география пәнінен аудандық олимпиадасынан III-орын	Г.Айсақова
3.	Түзел Абылай	11-сынып	X «Ақберен» өнер байқауының аудандық I-орын	Г.Жолдасова
4.	Ленов Барыс	11-сынып	X «Ақберен» өнер байқауының аудандық II-орын	Г.Жолдасова
5.	Ергешова Жансая	10-сынып	X «Ақберен» өнер байқауының аудандық III-орын	Г.Бейсенбиева
6.	Түзел Абылай	11-сынып	Махамбет оқулары байқауының аудандық кезеңінен I-орын	Г.Жолдасова
7.	Әбубәкір Әділет	11-сынып	Махамбет оқулары байқауының аудандық кезеңінен II-орын	Г.Жолдасова
8.	Әшен Мерей	10-сынып	Менің кіші отаным байқауынан III-орын	П.Бұланбаев

**«Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің пән олимпиадалары мен байқауларда, жеткен жетістіктері**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Жетістігі	Орны
1.	Балабаева Айгүл	Орыс тілі мен әдебиеті	«Ыбырай» жазулары байқауынан	II-орын
2.	Мырзағали Нұргүл	Ағылшын тілі	«Ыбырай» жазулары байқауынан	III-орын
3.	Жолдасова Г	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Ыбырай» жазулары байқауынан	Мақтау қағазы
4.	Бейсенбиева Гүлімхан	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасынан	Бас жүлде
5.	Буланбаев Пернехан	Тарих	Қазақстан тарих пәнінен аудандық олимпиадасынан	III-орын
6.	Турабаева Шахноза	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен аудандық олимпиадасынан	III-орын

**Мұғалімдерді курстан өту көрсеткіші**

Пән аттары	2022	2023	2024
Қазақ тілі	2	1	
Орыс тілі	1		
Ағылшын тілі		1	
Математика	1		1
Физика		1	
Информатика	1		1
Химия-биология			1
Тарих			1
География	1		
Дене шынықтыру			1
Технология	1	1	
Бастауыш сынып	2		3
Жалпы	9	4	8

**Мұғалімдерді аттестациядан өткізу көрсеткіші**

Санаты	2022	2023	2024
Шебер			
Зерттеуші	10	11	11
Сарапшы	12	13	14
Модератор	11	7	9
Педагог	3	4	7

**ҰБТ көрсеткіші**

Қазақ тілі				Қазақстан тарихы				Математика				Таңдау пәні 1				Таңдау пәні 2			
2021	2022	2023	2024	2021	2022	2023	2024	2021	2022	2023	2024	2021	2022	2023	2024	2021	2022	2023	2024
19,4	20,3	16,5	17,03	20,4	15,3	15,4	10,1	12,3	12,1	9,7	10,5	Физ-17,2	Физ-12,5	1,8	20,8	16,2	16,2	15,5	16

**Пән олимпиадаларының көрсеткіші**

№	Пәні	Оқушының саны								
		Ауданда			Облыста			Республикада		
		2022	2023	2024	2022	2023	2024	2022	2023	2024
1	Математика		1							
2	Ағылшын тілі				1					
3	Орыс тілі		1				1			
4	Физика		1							
5	Биология				1					
6	Информатика	1					1			
7	Қазақ тілі					1				1
8	Тарих			1						
9	Адам және қоғам	1								

**11-сынып бітірушілердің еңбекке орналасуы туралы**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Мектепті бітіргендер	30	35	20
ЖОО орнына түскендер	22	15	16
Грант	15	15	7
Ақылы	7	4	9
Колледж	3	3	1
Жұмыс істейді	2	3	3
Жұмыс істемейді	3		

**“Үздік” аттестат пен ерекше куәлікке бітірген оқушылар көрсеткіші**

Құжат түрі	2020	2021	2022	2023	2024
Алтын белгі	1			2	
Үздік аттестат	1	2	1	1	1
Үздік куәлік	2	3	1	2	1

**ҰБТ-2024:**

**Жалпы бітірген оқушы саны – 20. ҰБТ-ға өтініш берген оқушы саны – 19. Тестке қатысқаны - 19.**

**Негізгі пәндер бойынша :**

Оқу сауаттылығы – 17,3

Қазақстан тарихы – 10,1

Математикалық сауаттылық – 10,5

**Таңдау пәндер бойынша:**

1-ші таңдау пән (бейіндік)-17,8

2-ші таңдау пән (бейіндік)-14,9

Жалпы мектеп бойынша орта балл – 71,2

**Мектептің жылдық оқу-тәрбие жұмысын талдай келе, төмендегідей**

**проблемалар анықталды:**

- Оқушылардың білім, білік, дағды сапасының талапқа сай еместігі;
- Қашықтықтан оқытылған кезде интернет жүйесінің нашарлығы;
- Балалар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділікте болмауы, ара-қатынастың алыстауы;
- Бала үшін өз бетінше өмір сүруге бейімделу мүмкіндігінің аздығы;

**Оқу-тәрбие үрдісін жақсарту шарттары :**

- Баланың жеке болмысын қолдау негізінде жаңа сапалы, тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру;

- Баланың коммуникативтік, танымдық белсенділігін арттыру мақсатында рухани ортаны құру үшін жағдай жасау;
- Қосымша білім беру мүмкіндіктерін белсенді түрде оқу процесіне ендіру;
- Білім сапасын арттыру бойынша әдістемелік қызметті жетілдіру;
- ҚР білім беруді дамытудың 2023-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама негізінде білім мазмұнын жаңарту жолдарын қолға алу;
- Бір кабинет, бір сынып, санитарлық талаптарды сақтай отырып оқушылармен жұмыс жасау
- Білім беру жүйесін нәтижеге бағыттау, оқушы құзыреттілігін дамыту;
- Жаңа білім беру технологияларын ендіру; Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру;
- Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіруді ұйымдастыру;
- Оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

### **2023-2024 оқу жылындағы оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын педагогикалық**

#### **талдауы**

Биылғы оқу жылы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023 -2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді іске асыру жолында жас ұрпаққа «Сапалы білім мен тәрбие беру Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы» тақырыбында басталды. Осыған байланысты барлық жерлерде іс-шаралар, сабақтар, білім күнгі алғашқы сабақтар даярланды. Тамыз конференциясына осы бағыт бойынша мектептің өткен оқу жылындағы бойынша тақырыптық стенді даярлау жүктелді. Онда жыл бойы өтілген сабақтардағы тест нәтижелері, кеткен кемшіліктер мен жеткен жетістіктер туралы айтылды. Қыркүйек айы ұйымдастыру айлығы болғандықтан барлық бірлестіктердің жұмыс жоспарлары мен алдағы міндеттері айқындалды. Елбасының тапсырмасымен жер жерлерде білім саласына жаңа өзгеріс ретінде Кембридж әдіс-тәсілі бойынша 3 айлық курстар ұйымдастырылды. Бұл әдістің негізгі мазмұны мектеп мазмұнына жаңаша өзгерту мектептің дамыту жоспарына жаңа көзқарас енгізу және сапалы білім мен дағдыларды жас ұрпақ бойына енгізу болып табылады.

Қазіргі таңда ол мұғалімдер өз сыныптардан меңгерген әдіс-тәсілдері бойынша жұмыс жасауда. Білім берудегі алға қойған әдістеме тақырыбы: «Оқу тәрбие үрдісі барысында бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында заман талабына сай жаңа технологияны сабаққа енгізу» болғандықтан әр әдістеме бірлестігі алға қойған мақсаттары мен міндеттерін айқындап, жоспарға енгізді, мұғалімдер сабақта жаңа технологияны қолдануда. Курстан өткен мұғалімдерді тіркеу журналы бойынша мектепшілік педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмысы жүйелі жолға қойылды. Білім жетілдіру институтымен тығыз байланыстамыз, курстан өтетін мұғалімдер біздің мектептің мұғалімдерінің сабақтарына қатысып тұрады.

• Мектеп мұғалімдері жыл бойы ҚББ-ның жоспары бойынша білім жетілдіру курстарына қатысты:

- Он екі жылдық білім жетілдіру курсы -
- Пән бойынша білім жетілдіру курсы -
- Компьютерлік және интерактивті тақта бойынша курсына -
- Жыл бойы мұғалімдер аудандық семинарға қатысты.
- Мұғалімдерден құралған шығармашылық топтар сабақтарға кіріп талқылап, ұсыныстар жасап отырды. Педагогикалық технологиямен білім беру процесін жаңарту, оқыту сапасын бағдарлаудың озық әдіс –тәсілдерін меңгеру, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім беру және тәрбие саласында электронды оқулықтарды пайдалану жүйесін енгізу, мультимедия кабинетін жиі пайдалану, бейіндеп оқыту бағдарламасын меңгеру, 12 жылдық білім жүйесіне дайындық

жұмыстарын жүргізу, кабинетті ақпараттандыру жүйесін жалғастыру, ғылыми әдістеме жұмыстарды жоғары ғылыми деңгейде жүргізу үнемі талқыланды.

2023-2024 оқу жыл мұғалімдер үшін жаман жыл болған жоқ. Білім саласында бірнеше жетістіктерге жетті. Оқушылардың шығармашылық өсуін айқындау үшін олимпиадалар, байқаулар, интеллектуалдық марафондар, спартакиадалар мен мерекелі кештер жоспар бойынша өткізілді. Мектепшілік пән олимпиада оқушыларының негізгі пәндер бойынша білімін тереңдету және кеңейту, логикалық ойлауын қалыптастыру, ғылымға терең қызығушылығын арттыру, оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарының формаларын активтендіру, факультатив жұмыстарын қорытындылау, теориялық білімді іс жүзінде қолдану, мектеп курсынан алған білімдері тексеру мақсатында 5-6 желтоқсанда өткізілді.

Оған 9-11 сынып оқушылары қатысты. Олимпиада 10 пән бойынша өткізілді. Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға оқушылар іріктеліп жіберілді. Аудандық пән олимпиадаға қатысып жүлделі орындарға ие болған оқушылар: Ергешова Жансая (орыс тілі 2 орын), Мұқтар Аружан (қазақ тілі 2 орын), Сман Әсет (математика 3 орын), «Алтын ұрпақ» облыстық зияткерлік олимпиадасына 67 оқушы қатысып оның 27 сі 1,2,3 орындарды иеленді.

Мұғалімнің әрбір өтілетін сабағы қазіргі оқыту талаптарымен сай болып келуі қажет. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің күнделікті өтілетін әрбір сабағы ғылыми түрде негізденіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс. Осы талаптар орынды болғанда ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлшынысын ұдайы дамытып әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастыра біліп, оқытудың озық әдіс тәсілдерін қолдана білгенде ғана оқушыларының шығармашылық қабілеттері дами түседі. Пән мұғалімдері бұл айтылған талаптарды іске асыру өздері ізденімпаз болулары шарт.

Оқушылардың байқауларға, олимпиадаларға қатысуы бойынша тоқталар болсам, республикалық «Алтын ұрпақ» облыстық зияткерлік олимпиадасына 67 оқушы қатысып оның 27 оқушысы орын алды. «Самұрық» облыстық математикалық зияткерлік олимпиадасына 27 оқушы қатысып оның 12 сі 1,2,3 орындарды иеленді. «Қобыланды батыр жырлары» байқауына 2 оқушы қатысып жүлделі орынға ие болды. Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай -дана, Абай -дара» қазақта! Атты өнер байқауына 3 оқушы қатысып жүлделі 2 орынға ие болды. «Алтын тобылғы» республикалық зияткерлік олимпиадасына 22 оқушы қатысып 9 оқушы 1,2,3 орындарға ие болды. 10-сынып оқушысы Ленов Барыс облыстық дебат турнирінен II орын ие болса, 10-сынып Әбубәкір Әділет аудандық дебат турнирінен I орынға ие болы. «Қазақстан Республикасының Конституциясын», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңын, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасындағы Заңын басшылыққа ала отырып бірқатар жұмыстар атқарылды.

2023–2024 оқу жылы қарсаңында тамыз айында «Балаларға бірге көмек берейік!» атты «Мектепке жол» қамқорлық акциясы өткізілді. Осы аудан көлемінде өткізілген акцияда жартылай

жетім, аз қамтылған отбасынан шыққан 2 оқушыға, демеушілік есебінен оқу-құралдары берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 Қаулысы басшылыққа ала отырып, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен қарастырылғандай, әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылар үшін жеңілдетілген және тегін тамақ ұйымдастырылатын.

**Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың пән олимпиадалары мен байқауларда, жеткен жетістіктері**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жетістіктері	Жетекшісі
1.	Түзел Абылай	11-сынып	Президенттік олимпиадасының аудандық кезеңінің III-орын	П.Бұланбаев
2.	Әлібатыр Наз	7-сынып	Ұлттық география пәнінен аудандық олимпиадасының III-орын	Г.Айсақова
3.	Түзел Абылай	11-сынып	X «Ақберен» өнер байқауының аудандық I-орын	Г.Жолдасова
4.	Ленов Барыс	11-сынып	X «Ақберен» өнер байқауының аудандық II-орын	Г.Жолдасова
5.	Ергешова Жансая	10-сынып	X «Ақберен» өнер байқауының аудандық III-орын	Г.Бейсенбиева
6.	Түзел Абылай	11-сынып	Махамбет оқулары байқауының аудандық кезеңінен I-орын	Г.Жолдасова
7.	Әбубәкір Әділет	11-сынып	Махамбет оқулары байқауының аудандық кезеңінен II-орын	Г.Жолдасова
8.	Әшен Мерей	10-сынып	Менің кіші отаным байқауынан III -орын	П.Буланбаев
9.	Еркінова Диана	11-сынып	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен аудандық олимпиадасының III-орын	А.Балабаева
10.	Ашен Мерей	10-сынып	Құқық негіздері пәнінен аудандық пән олимпиадасынан II-орын	П.Буланбаев
11.	Ленова Сабина	10-сынып	Қазақстан тарихы пәнінен аудандық пән олимпиадасының III-орын	П.Буланбаев
12.	Өндіріс Аяла	10-сынып	Қазақстан тарихы пәнінен аудандық пән олимпиадасының III-орын	П.Буланбаев

13.	Сатыпалды Шапағат	10-сынып	Химия пәнінен аудандық пән олимпиадасының III-орын	Л.Смадияр
14.	Сапарұлы Санжар	10-сынып	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен аудандық олимпиадасының III-орын	А.Ормантаева
15.	Асқар Ақнұр	10-сынып	Физика пәнінен аудандық олимпиадасының II-орын	Ұ.Байменова
16.	Асқар Ақнұр	10-сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Ауыл олимпиадасының облыстық іріктеу кезеңінен Республикаға жолдама	Г.Бейсенбиева
17.	Ергешова Жансая	10-сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Ауыл олимпиадасының облыстық іріктеу кезеңінің I-орын	Г.Бейсенбиева
18.	Әбубәкір Мадина	10-сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Ауыл олимпиадасының облыстық іріктеу кезеңінің I-орын	Г.Бейсенбиева
19.	Әбубәкір Әділет	11-сынып	Информатика пәнінен Ауыл олимпиадасының облыстық іріктеу кезеңінің III-орын	С.Баймурзаева
20.	Ергешова Жансая	10-сынып	«Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырың» аудандық пікірсайыстан Шорын	Н.Төлеген
21.	Әбубәкір Мадина	10-сынып	«Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырың» аудандық пікірсайыстан Шорын	Н.Төлеген

**«Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектебінің 5-6 сыныптар арасында аудандық кезеңіне жолдама алған оқушылар**

№	Аты жөні	Сыныбы	Пәні	Пән мұғалімі
1	Мұхтар Аружан	5-сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті	Бейсенбиева Гүлімхан

**«Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектебінің 7-8 сыныптар арасында аудандық кезеңіне жолдама алған оқушылар**

№	Аты жөні	Сыныбы	Пәні	Пән мұғалімі
1	Ташкенбай Жанеля	7-сынып	Химия	Л.Смадияр
2	Еркінова Назгүл	8-сынып	Химия	Л.Смадияр
3	Тіленді Іңкәр	7-сынып	Биология	Г.Ашаматова
4	Жанғалиұлы Нұрсейіт	8-сынып	Физика	Ұ.Байменова
5	Есет Мансұр	8-сынып	География	Г.Айсақова

**«Алтынтөбе» жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің пән олимпиадалары мен байқауларда, жеткен жетістіктері**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Жетістігі	Орны
1.	Балабаева Айгүл	Орыс тілі мен әдебиеті	«Ыбырай» жазулары байқауынан	II-орын
2.	Мырзағали Нұргүл	Ағылшын тілі	«Ыбырай» жазулары байқауынан	III-орын
3.	Жолдасова Г	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Ыбырай» жазулары байқауынан	Мақтау қағазы
4.	Бейсенбиева Гүлімхан	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасынан	Бас жүлде
5.	Буланбаев Пернехан	Тарих	Қазақстан тарих пәнінен аудандық олимпиадасынан	III-орын
6.	Турабаева Шахноза	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен аудандық олимпиадасынан	III-орын

9. Оқу жылының басында мектеп директоры мен асхана меңгерушісі арасында келісім шарт жасалатын. Келісім шарт негізінде асхана қызметкерлері оқушыларға кезең – кезеңмен уақытылы қызмет көрсететін еді. 2023-2024 оқу жылының наурыз айынан орын алып отырған бүкіләлемдік пандемияға байланысты бұл келісім шарт негізі кейінге қалдырылып отыр.

Қазығұрт ауыл округі әкімінің келісімі және мектеп директорының бекітіуімен Биылғы оқу жылында 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылмады.

Қазіргі мектеп қабырғасында дамып жетілген жас ұрпақ, ертеңгі ел болашағын жасаушы қайраткер. Сондықтан бала бойында өзі жайлы сыр берген жақсы нышанды одан әрі дамытып, жаман нышанды дер кезінде тоқтата білейік. Ізденістегі нәтиже кепілі- ұстаз бен шәкірт арасындағы үндестік пен үйлесім. Ұстаз шәкіртті өмірдегі тұлға және өз сабағының негізгі кейіпкері ретінде, ал шәкірт ұстазынан таным-білік кілтін ала білетін білімімен парасаты биік өрелі жан ретінде танығанда ғана үйлесімді өрім танылары рас. Оқушы жақұт (январь), ал педагог зергер. Зергердің міндеті- бар өнерін қолдана отырып, жақұтты жалтырату, оның қырларын ашып көрсету болса, біз зергер мен жақұттың арасындағы байланысты нығайтып, физика тілімен айтқанда сәулені 7 түске жіктейтін «призма- тамшы рөлінде бола отырып, олардың шығармашылығы мен біліктілігі, теория мен практика байланысының жан-жақты жарқырауы үшін (спектр) жұмыс жасай отырып, оның нәтижесін көрсете білуіміз қажет»

### **2024-2025 оқу жылына арналған мақсат, міндеттер:**

**Мектептің миссиясы:** Әрбір оқушыға сапалы білім беру, оларды қажетті дағдылармен қамтамасыз ету.

**Мақсаты:** Сапалы сабақтар мен оқыту әдістері арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру, олардың жеке әлеуетін ашып, болашақта жоғары нәтижелерге жетуіне негіз болатын дағдылар мен қабілеттерді дамыту.

#### **Міндеттер:**

ҚР “Білім туралы” заңын, ҚР “Білім беруді дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын”, ҚР Білім және ғылым министрлігі және білім басқарамасының, аудандық білім бөлімінің бұйрықтарын, ұсыныстарын жүзеге асыру;

- Білім беруді ұйымдастыруды, құрылымын, мазмұнын жетілдіру;  
Білім беру сапасын арттыруда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, біліктілігін, шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру;
- Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің талабына сәйкес мектептегі білім беру жүйесінің бағытын өзгерту;
- Әр баланың қызығушылығына, бейімділігіне, мүмкіншілігіне сай олардың дамуына жағдай жасайтындай оқу жүйесін құру;
- Білімді, шығармашыл, құзырлы және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту;
- Мектептегі психологиялық қызметті жетілдіру;
- Оқушыларды әлеуметтендіру, оқушының физикалық, рухани және психикалық денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағымды әсер ететін жағдай құру;
- Дарынды оқушылардың дамуына қолайлы жағдай туғызу, оларды шығармашылық жұмысқа бағыттау;
- Әр оқушының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының оқу нәтижелеріне жету сәйкестігін бақылау мен бағалау мақсатында диагностикалық зерттеулер, мониторингтер жүргізу;
- Жеке тұлғаның рухани дамуына жағдай жасау, оқыту мен тәрбиені тұлғаға бағыттау;
- Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын және ғылым негіздерін тереңдете оқытуды ұйымдастыру;
- Стандарттағы құзыреттілік, білім, біліктілік, дағды талаптарын орындату мақсатында мұғалімдерге мектеп әкімшілігі тарапынан әдістемелік көмек ұйымдастыру;
- Бейінді, қолданбалы курстарды сапалы жүргізу мақсатында бейінді, қолданбалы курстар жайлы деректер банкін құру, авторлық бағдарламалар дайындау.
- Критериалды бағалау жүйесін ендіру
- Тілдің үш тұғырлылығы аясында жұмыстар жүргізу.
- НЗМ дербес білім беру мекемелерімен келісім-шартқа отыру, тәжірибелерін ендіру

## **Мектеп әкімшілігінің лауазымдық міндеттері:**

### **Мектеп директоры М Байболатов**

- Мектептің қазынасы мен құралдарына билік жасайды, жыл сайын мектептің кіріс және шығыс, қаржы және материалдық құралдарына есеп береді.
  - ҚР білім беру заңының, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына басшылық жасайды.
  - Мектептің басқару құрылымын, штаттық кестесін, лауазымдық міндеттерін бекітеді.
  - Мөлтек аудан бойынша бекітілген балаларды жалпы міндетті оқумен қамтамасыз етілуін бақылайды.
  - Ата –анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, жетім балалардың мемлекеттік қамқоршысы болады, олардың заңдық құқығы мен мүддесін (жеке, қазыналық, тұрмыстық, еңбек және т.б.) қорғайды, туыскандармен байланыс жасау шараларын қарастырады.
  - Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасын толықтырып отыруды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді, ішкі тәртіп ережесіне, санитарлық-гигиеналық режиміне, техникалық қауіпсіздік пен еңбек қорғауды сақтауға жауап береді.
  - Еңбек заңын, ішкі тәртіп ережесін, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырады, олардың кәсіптік шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды.
    - Емтихандардың, ББЖМ, ҰБТ-ға дайындау жұмыстары мен өткізілуіне басшылық жасайды.
  - Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіне көшу, жаңа білім беру технологиясын ендіру бойынша іс-шараларды басшылыққа алады
  - Педагогикалық кеңесті басқарады.
  - Қызмет барысында ерекше көрінген оқытушылар мен қызметкерлерінің өзінің құзырына байланысты марапаттауға және көтермелеуге ұсынады, жазалауға жүктейді.
  - Қазақстан Республикасының бекітілген заңының тәртібімен бітірушілердің білім сапасына оқу-білім процесі барысында, уақытында білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен оқушыларының өмірі мен денсаулығына, бостандығы мен заң бұзушылығына және білім мекемелерінің мемлекеттік жалпы міндетті стандартты білімнің орындалуына жауап береді.
  - Қоғаммен, кәсіпорындармен, ұйымдармен, ата-аналармен байланысты жұмыс жасауға бағыттайды.
  - Директор жанындығы кеңесті өткізеді.
- 
- Мектептің материалдық - техникалық базасын нығайту жұмыстарын басшылыққа алады.
  - Мектептің іс-қағаздарының жүргізілуіне басшылық жасайды.
  - Кадрлар сапасын жетілдіру, біліктілігін арттыру, аттестациялау жұмыстарын қадағалайды.
  - Мектептің әдістемелік, психологиялық қызметін жетілдіру жұмыстарына басшылық жасайды.
  - Тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсету жұмыстары үшін жағдайлар жасайды және оқушылардың, мұғалімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында олардың жұмысын бақылайды.
  - Оқыту, тәрбие беру процесінің әдістемелік қамтамасыз етілуін дамытады және ұйымдастырады.

### **Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы», Еңбек туралы Заңдарын және басқа білім беру мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді, педагогиканы, педагогикалық-психологияны, жас ерекшелік физиологиясын, мектеп гигиенасы, қазіргі заманғы педагогика-психологиялық ғылымның және практиканың жетістіктерін, әлеуметтену, экономика негізін, еңбек заңнамаларын, білім беру ұйымдарының қаржы-шаруашылық жұмыстарының сұрақтарын, еңбек қорғаудың ережесі мен нормасын және техникалық қауіпсіздігі.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Жоғары педагогикалық білім және педагогикалық қызметтік жұмыс стажы 5 жылдан кем болмауы тиіс;

**Мектептің оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі мектеп  
директорының орынбасары Перденов Сабит  
лауазымдық міндеттері:**

**Таныстым:**

Қазақстан Республикасының Білім беру заңының орындалуына басшылық жасау;

- Педагогикалық қызметкерлердің күнделікті және алдағы қызметтің жұмысын ұйымдастыру.
- Оқушылардың оқу-әдістемелік құжаттарын, оқу жоспары мен бағдарламасының орындалуы мен дайындалуын бақылау.
- Оқушылардың білім дайындығы нәтижесінің объективтілігі мен білім сапасына, факультативтерге бақылау жасау.
- Емтихандарды, ББЖМ, ҰБТ-ға дайындау мен өткізуді ұйымдастыру.
- Сабақ кестесі. Мектепшілік бақылау. Оқушылардың сабаққа қатысуын, сабақтың өтілуін қатаң басшылыққа алу.
- Құжаттардың (бухгалтерлік есептен басқа) белгіленген есебін уақытылы құруын, дұрыс толтыруын және оны тапсыруды қамтамасыз ету.
- Педагогикалық кадрларды жұмысқа іріктеу мен біліктілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастырады.
- Базистік 0-10 сыныптар бойынша мұғалімдердің жұмыс күнін белгілеп, табельдерін дер кезінде тапсырып отыру.
- Оқу процесін жетілдіру жайында ұсыныс енгізу.
- Педагог-психологтың, кітапханашының, АӘД пәнінің мұғалімдердің жұмысына басшылық жасайды
- Педагогикалық қызметкерлердің аттестациясын дайындауға және оны өткізуге қатысады.
- Кабинеттер мен зертханалардың қазіргі заманға сәйкес техникалық құралдармен, оқулықтармен, кітапхана мен әдістемелік кабинеттерді оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толтыруды қамтамасыз етуге басшылық жасайды.
- Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әр бірлестік жетекшілерінен тоқсан соңында есебін алып отыру.
- Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауға алады.
- Еңбек және техника қауіпсіздігі бойынша жұмыс орнындағы нұсқау журналын жүргізеді.
- 1-11 сыныптарының оқу бағдарламасының орындалуын қадағалайды, сапасын жетілдіреді.
- Оқушылар қозғалысына (есеп алу, тапсыру) жауап береді.
- Мөлтекаудан бойынша бекітілген балаларды жалпы міндетті оқумен қамтамасыз етілуін бақылайды.
- 1-11 сыныптар бойынша сынып журналдарының, дәптерлерінің, күнделіктерінің тексерілуін қадағалайды.
- Әр апта сайын атқарылатын жұмыстар туралы мектеп директорына баяндайды;
- Жұмыс уақыты: 8<sup>00</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>
- Кезекші күні аптаның 2, 4 күндері
- Бастауыш сынып пәндердің білім сапасын, көркем эстетикалық бірлестік пәндеріне, педагог психолог, кітапханашы, қосымша білім беру педагогына бақылауды басшылыққа алады.

**Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» Заңдарын және басқа білім мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, жас ерекшелік психология негіздерін, оқу әдістемесін, мектеп гигиенасын, физиология, әлеуметтану негіздерін, қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістіктерін, әдістемелік-бағдарламалық құжаттар, еңбек заңнамаларын, еңбек қорғаудың нормасы мен ережесі, техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қорғаныс.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Жоғары педагогикалық білім және педагогикалық қызметтік жұмыс стажы 3 жылдан кем болмауы тиіс

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Керімбаев Жангали лауазымдық міндеттері:**

**Таныстым:**

- Мектептің тәрбие беру процесін ұйымдастыру үшін жауап береді, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламасын құрады, оны жүзеге асыру бойынша ұсыныстар береді.
- Мөлтек аудан жұмыстарына басшылық жасайды.
- Мөлтек аудан бойынша жұмыстарды ұйымдастырады (Оқушыларды мектепке тарту. Тізімін анықтау. Есеп тапсыру)
- Тәрбиені тұлғаға бағыттау, оқушыларды әлеуметтендіру жұмыстарын басшылыққа алады.
- Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын жетілдіреді.
- Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту.
- Даталы күндерді атап өту іс шараларын ұйымдастыруды басшылыққа алу.
- Тәрбие процесінің проблемаларын, тәрбие жұмысының нәтижесін, тәрбие жұмысы жөніндегі оқу орнының алдағы жетістіктері мен жағдайына талдау жасайды.
- Оқу орнының тәрбие жұмысын жоспарлайды, сынып жетекшілердің, әлеуметтік педагогтың, тәлімгердің, ұйымдастырушы педагогтың, мектеп медбикесінің жұмыстарына бақылау жасайды.
- Тәрбие жұмысы бойынша, жалпы мектептік мәдени-тәрбиелеу шараларын; оқу орнының қызметкерлерімен өткізілетін тәрбиелеу процесін, пән үйірмелерін, секция мен тәрбие жұмыстарын үйлестіреді;
- Девианттық мінез құлықтық балалар мен жеке тәрбиелеу жұмыстарына бақылау жасайды.
- Білім беру ұйымының тәрбие жұмысымен айналысатын қызметкерлердің құқық қорғау ұйымдарымен, ата-аналар ұйымдарымен қарым-қатынасын үйлестіреді.
- Білім беру ұйымында жағымды моральді-психологиялық климатты құру бойынша жұмыстарды басқарады.
- Сабақтан тыс өтілетін іс шаралар кезінде өмір қауіпсіздігі бойынша сынып жетекшілеріне нұсқау береді.
- Тәрбие жұмысы уақытындағы қолданылатын техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Кезекші күні аптаның 1,3, күндері
- Жұмыс уақыты 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>
- Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы мектеп директорына баяндайды;
- Гуманитарлық пән бірлестігіне, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагог, тәлімгер, сынып жетекшілер бірлестігіне басшылықпен бақылау жасайды

**Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» Заңдарын және басқа білім мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, жас ерекшелік психологиясы, қазіргі психо-педагогикалық ғылымның жетістіктерін; әлеуметтанудың, физиологиясының, гигиенаның негізін, әдістемелік-бағдарламалық құжаттарды, еңбек заңнамаларын, еңбек қорғаудың нормасы мен ережесі.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Жоғары педагогикалық білім және педагогикалық қызметтік жұмыс стажы 3 жылдан кем болмауы тиіс

**Педагог-психолог Тажиев Қайырбек  
лауазымдық міндеттері:**

**Таныстым:**

Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік амандығын сақтауға бағытталған кәсіби қызметін жүзеге асырады.

Педагогикалық, тәрбиеленушілердің әлеуметтік жетілуі мен ата-аналардың жеке проблемаларының ориентациясының мақсатына сай материалдары бойынша психо-педагогикалық шешімдер құрайды.

- Оқушылардың қызығушылығы мен қабілетін диагностикалау.
- Балаларға кедергі болатын факторларды анықтап, әртүрлі психо-физиологиялық ауытқуы бар балаларға психологиялық диагностика жасайды, ауытқу дәрежесін анықтайды, психо-педагогикалық түзету жасайды.

- Әлеуметтік дезадаптацияның болуына байланысты алдын алу шараларын жасайды, факторларын анықтайды, оқушылардың жетілуіне көмектесетін әртүрлі психологиялық көмектер (психокоррекциялық реабилитациялық кеңес беру) көрсетеді.
- Педагогтардың, ата-аналардың, әлеуметтік-психологиялық құзырын жоғарылату үшін, психологияны практикада қолдану сұрақтары бойынша педагогтарға кеңес береді.

**а) педагогтармен жұмыс:**

- Педагогтарды, балаларды оқыту жөніндегі психологиялық теориялармен, зерттеулермен таныстыру;  
Оқытудың дидактикалық ұстанымдарына психологиялық негіздер беру;
- Пәндерді дамыта оқытуға қойылатын психологиялық талапты талқылау және оны құру;
- Педагогтардың балаларды оқу жұмыс процесінде қайтымды рефлексияға дайындау;
- Оқу-тәрбие процесінде балалардың жеке тұлғалық өсуінің, ақыл-ой дамуының диагностикалық тәсілдерімен танысуын қамтамасыз ету;
- Инновациялық процес жағдайында оқушылардың дамуын диагностикалап, бақылау жүргізу арқылы тиімді педагогикалық технологияларды ендіру;
- Әкімшіліктің сұранысы бойынша оқу процесі барысында педагогтар мен балалардың қарым-қатынасына бақылау жүргізу. Өз ара қарым-қатынасты дамытудың жеке модульдерін жасау және педагогтарды оқыту;
- Сабақта балалармен шығармашылықпен жұмыс істеуге, өз бетінше оқу дағдысын қалыптастыруға педагогтарды дайындау;
- жеке тұлғалық және кәсіби өсу тренингтерінің көмегімен педагогтардың жоғары біліктілік деңгейін қалыптастыру;
- жеке тұлғаның толық қанды даму мүмкіндігіне қарай, психологиялық-педагогикалық жағынан жағымды жағдай туғызу;
- педагогтарды, ата-аналарды, балаларды психологиялық біліктілікке баулу;

**б) ата-аналармен жұмыс:**

- балаларды оқыту жөніндегі ата-аналарға ағарту жұмысын жүргізу;
- сұраныс бойынша баланың арнайы қабілетіне, жеке тұлғалық ерекшелігіне, интеллектуалдық дамуына диагностика жүргізу және ата-аналарға бағыт беру;

**в) балалармен жұмыс:**

жағымсыз әсерлерден бала психологиясын қорғау, бала құқығын сақтауда толыққанды эмоционалдық қалыпты бақылауды қамтамасыз ету;

- педагогтардың сұранысы бойынша жеке және топтық дамыту сабақтарын жүргізу, қандай да бір проблеманы дербес шешу.
- балаларға оқу дағдаларды, іскерлікті меңгертуге көмектесу, сабақта өзін-өзі реттеуді және өзін-өзі бағалауды дамыту.
- оқу ісі әрекетіне диагностика жүргізу, соның негізінде балаға көмек берудің жүйесін құру;
- мектеп алды топтарын арнайы диагностикалық бағдарлама бойынша дайындау;
- балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту;

**г) әкімшілікпен жұмыс:**

- Диагностикалық зерттеу нәтижесімен таныстыру және оны талқылау;
- Жүргізілген диагностика және басқа жұмыстар түрлері бойынша анықтама дайындау, педагогтарға ұсыныстар беру;
- Мектептің жылдық жұмыс жоспарын құруға қатысу;
- Педагогикалық кеңестің дайындық жұмысына қатысу, ұжымдық жұмысқа психологиялық көмек беру;
- әкімшіліктің сұранысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу;
- туындаған проблемалық себептердің ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру, педагогикалық процестерге қатысушыларға кешенді ұсыныстар жасау.
- Әр апта сайын атқарылатын жұмыстар туралы мектеп директорына баяндау;
- Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

**Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» Заңдарын және басқа білім беруге, денсаулық сақтау мәселелері жөнінде нормативтік-құқықтық актілерді, педагогика, педагогикалық психологияны..

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Психология мамандығы бойынша жоғары педагогикалық, медициналық білім беру және сақтау ұйымдарында жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем болмауы тиіс;

## **Әлеуметтік педагог Байғожаева Бибиқан лауазымдық міндеттері:**

### **Таныстым:**

Тәрбиеленушілердің жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін тексереді және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігімен қызығушылығын байқайды, қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі аутқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді.

- Баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу қабілеттері бойынша әлеуметтік-педагогикалық әдістемесін, түрі мен міндетін анықтайды.
- Потранат бойынша тұрғын үй, зейнет ақы беру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша жұмыстар жүргізеді. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың физикалық және дарындылық талантын дамытуға жағдайлар жасайды.
- Мемлекеттік, қоғамды ұйымдар мен балалар арасында қарым-қанынас ортанады. Оқушылармен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасайды.
- Білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзіреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді.
- Кәмет жасқа толмағандардың мүліктік және мүліктік емес құқығын әлеуметтік қорғауға жәрдемдеседі.
- Оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиеленушілердің жұмысын үйлестіреді, олардың заңдық және құқықтық көзқарастарын қорғайды, ата-аналар ұйымы және қорқорлық кеңес комиссиясымен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;
- Оқушылардың өмір сүру жағдайларын, қажеттіліктерін әлеуметтік қолдаумен көмек беру, медициналық көмек көрсету мәселеріне талдау жасайды.
- Балаларды әлеуметтік қорғау бойынша сынып жетекшілерінің кәсіптік құзіреттілігін жоғарылату шараларын ұйымдастырады және жоспарлайды;
- Әлеуметтік қорғанысыз отбасылар мен көп балалы отбасылар жағдайда ақпараттар жинақтайды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды зейнетақымен қамтамасыз ету;
- бітіруші сынып жетекшілерінің бітірушілерінің жұмысқа орналасуы туралы ақпарат жинау бойынша жұмысын бақылайды;
- Әр апта сайын атқарылатын жұмыстар туралы мектеп директорына баяндау;
- Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

### **Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы», «Неке және отбасы», «Даму мүмкіндіктері шектеулі балалары әлеуметтік және медициналық педагогтық қолдау туралы» Заңдарын және басқа білім мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді; педагогиканы, жас ерекшелік психологиясы, қазіргі психо-педагогикалық ғылымының жетістіктерін; әлеуметтанудың, физиологияның, гигиенаның негізін, әдістеме-бағдарламалық құжаттарды, еңбек заңнамаларын, еңбек қорғаудың нормасын мен ережесін, педагогиканың, психологияның теориясын, жас ерекшелік физиологиясын, педагогикалық этиканы, диагностикалық жекеліктің технологиясы мен әдістемесін және оның микроорталығын, тұрғындардың әртүрлі топ және категориялар бойынша отбасылармен әлеуметтік жұмыс жасау әдістемесі формасы, педагогикалық ғылымның және білімнің даму болашағы мен негізгі бағыттарын, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты бағдарлай және талдай біледі.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

Жоғары кәсіптік білім және білім беру ұйымдарында басшылық қызметте немесе педагогикалық жұмыс стажы 3 жылдан кем болмауы тиіс;

## **Қосымша білім беру педагогы Төлеген Нуриддин лауазымдық міндеттері**

### **Таныстым:**

1. Қосымша білім беру саласында білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.
2. Үйірме, секция, студия, клуб және басқа да балалар бірлестіктерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімінде сақтау шараларын қолданады.
3. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтың жоспары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді.
4. ББЖМ, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жүргізуде қосымша сабақтар кестесін түзеді, пән мұғалімдерінің дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Психологикалық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдарын және әдістерінің педагогикалық негізделген таңдауын қамтамасыз етеді.
6. Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтап, тұлғаның адамгершілік рухани дамуына, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.
7. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қызметін, зерттеушілік жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқу практикасына байланысты жүзеге асырады.
8. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды.
9. Іскерлікті меңгеруді, шығармашылық қызметтің тәжірибесін, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды.
10. Қалыпты кәсіби қызығушылығы мен бейімін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды (тәрбиеленушілерді), оның ішінде мүмкіншіліктері шектеулі балаларды дамытуды қолдайды.
11. Балалардың жаппай білім беру іс-шараларына қатысуын (конкурстар, көрмелер, слеттер, конференциялар, олимпиадалар және т.б.) ұйымдастырады.
12. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалыс уақытын ұйымдастыруға қатысады.
13. Оқу сабақтарын жүргізуде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.
14. Ата аналары мен олардың орнын басатын тұлғаларға және педагогтарға кеңес беріп, көмектеседі.
15. Әдістемелік бірлестіктер мен басқа да әдістемелік жұмыс нысандарына қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі арттырады.
16. Әр апта сайын атқарылатын жұмыстар туралы мектеп директорына баяндайды;
17. Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>дан 19<sup>00</sup>ге дейін үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

### **Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», "Қазақстан Республикасының тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары және білім беру қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы басым бағыттарын, дидактиканың қағидаттарын, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясының негіздерін, білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттарын, тәрбие жұмысын, тиімді, сараланған, дамытуды оқытудың, құзыреттілік тәсілдерін іске асырудың сенімділік, өз ұстанымын дәлелдеудің, әртүрлі жастағы білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен, оларды ауыстыратын тұлғалармен, жұмыстағы әріптестермен байланыс жасау әдістемесін, жанжал жағдайларының себептерін сараптау технологияларын, педагогикалық технологиялар диагностикасын, дербес компьютермен, электронды пошта және браузерлермен, мультимедиялық жабдықтармен жұмыс істеу негіздерін, білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережелерін, еңбек және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін.

## **Ұйымдастырушы педагог Кубенов Шахридин лауазымдық міндеттері**

### **Таныстым:**

- Білім беру ұйымы білім алушыларының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін және қажеттілігін зерделейді және тұрғылықты жері бойынша оларды іске асыру үшін жағдай жасайды.
- Жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.
- Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметтерін ұйымдастырады.
- Мына бағыттардың біріне жетекшілік етеді: ғылыми-техникалық, көркемдік-шығармашылық, спорттық-туристік және тағы да басқа.
- Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу үшін баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді.
- Кештерді, мерекелерді, саяхаттарды, экскурсияларды, балалардың каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың бос уақыт, демалыс, ойын-сауық саласындағы маңызды әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды.
- Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.
- Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етеді.
- Әр апта сайын атқарылатын жұмыстар туралы мектеп директорына баяндайды;
- Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>дан 19<sup>00</sup>ге дейін үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да құқықтық нормативтік актілерді, жас ерекшелігі мен арнайы педагогика және психология, физиология, гигиена мәселелерін, білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін дамыту ерекшеліктерін, олардың шығармашылық қызметтерінің, таланттарды іздеу және қолдау әдістерінің негіздерін, тәрбие жұмысының әдістерін, оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламаларын, балалар ұжымдары, ұйымдары мен қауымдастықтар қызметінің негіздерін, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

## **Аға тәлімгер Кумекова Ғалия лауазымдық міндеттері:**

### **Таныстым:**

1. Балалар қоғамдық ұйымдарының, бірлестіктерінің дамуына ықпал етеді.
2. Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауда оларға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жанартуға ықпал етеді.
3. Ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады.
4. Қолданыстағы ұйымдар мен бірлестіктер туралы балалар мен жасөспірімдерді кеңінен ақпараттандыру үшін жағдайлармен қамтамасыз етеді.
5. Балалар мен жасөспірімдерге азаматтық және рухани ұстанымын танытуға, өзінің мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға, бос уақыттарын пайдалы өткізуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды.
6. Білім беру ұйымдарында мәдени-бұқаралық патриоттық жұмыстарды жүргізеді.
7. Оған сеніп тапсырылған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық танытады.
8. Каникул кезінде олардың демалысын ұйымдастырады. Балалармен және жасөспірімдермен озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді және қолданады.
9. Балалар ұжымдары мен бірлестіктерінің алғашқы ұжымдары басшыларын іріктеу және дайындау жұмыстарын жүргізеді.
10. Тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) отбасылық жай-күйін зерделейді және

баспаналық-тұрмыстық жағдайын, жеке қабілеттілігін, балалардың қызығушылығы мен баланың жеке тұлға болып қалыптасуын психологтардың нұсқаулары бойынша (топтық және жекелей) дамыту-түзету жұмыстарын жоспарлайды және ұйымдастырады.

11. Әлеуметтік-психологиялық оңалту, әлеуметтік және еңбекке бейімделу жағдайларын жасау үшін күнделікті жұмыстар жасайды.
12. Өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымдарының педагог ұжымдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылар ата-аналарымен немесе оларды алмастырушылармен тығыз байланыста жұмыс жасайды.
13. Компьютерлік сауатты, ақпараттық-коммуникациялық білітілікке ие.
14. Атқарылған жұмыстарды әлеуметтік желілерде жариялап отыру
15. Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы» Заңдары және басқа білім беру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы мен гигиенасының негіздерін, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық қағидалар мен нормаларды.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** орта педагогикалық немесе кәсіптік білім.

### **Алғашқы әскери дайындық жетекшісі Тошаев Сакен лауазымдық міндеттері**

#### **Таныстым:**

1. Мектеп оқушыларын Отанды сүюге тәрбиелейді.
2. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарымен және сынып жетекшілерімен бірігіп оқу жылына әскери –патриоттық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.
3. Білім беру ұйымдарында бастауыш әскери дайындық бойынша оқу- материалдық базаны толтыруға, мүліктердің сақталуына, санитарлық- гигиеналық талаптарды орындауға жағдай жасайды.
4. Жасөспірімдерді әскери білім беру ұйымдарына іріктеуге қатысады.
5. Оқушыларды алғашқы әскери тізімге енгізу жұмыстарын ұйымдастырады.
6. Сабақ және сабақтан тыс уақытта оқушыларға бастауыш әскери дайындықтан дәріс береді.
7. Төтенше жағдайларда практикалық жаттығулар өткізеді, әскери негізін оқытады,үйірме жұмыстарын басқарады.
8. БӘД кабинетіне және онда сақталатын мүліктердің сақталуына жауап береді
9. Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныстан жоспар әзірлеп, төтенше жағдайларда қорғанысқа дайын болу іс-шараларын өткізеді.
10. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндайды
11. Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

#### **Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы », «Бала құқығы туралы» заңдарды және басқа білім беру мәселесі жөнінде нормативті-құқықтық актілерді;ұйымдық-басқару, ғылыми-әдістемелік , педагогикалық мәселелерді шешу үшін пән көлеміндегі жалпы теориялық негіздерді; педагогиканың, психологияның теориясын , жас ерекшелік физиологиясын, мектеп гигиенасын; пәндік оқытудың әдістемесі мен тәрбиелеу жұмысының әдістемесін;тәрбие жұмысының әдістемесін; оқу жоспарын, бағдарламасын және оқулықтарын,оқу кабинеттерін жарақтандыру мен безендіруге қойылатын талаптарды; оқыту құралдары мен оның дидактикалық мүмкіндіктерін; еңбек заңнамаларын білуі қажет.

### **Шаруашылық меңгерушісі Баратов Рахымжан лауазымдық міндеттері**

#### **Таныстым:**

1. Мектептің шаруашылық жұмыстарын бақылау, басқару.
2. Мектептің кіріс-шығыстарын есепке алып, қатты және жұмсақ инвентарларды дер кезінде бухгалтериямен бірге отырып, есебін жүргізу, сақталуын қадағалау;

3. ҚР «Еңбек туралы» Заңына, мектептің еңбек тәртібін ішкі ережелеріне, мамандығы мен кәсібіне сай оқу орнының кіші қызметкерлерінің міндеттерін белгілеу,
4. Мектеп кіші қызметкерлерінің жұмысын бақылап басшылық жасау және жалақы жөнінде табель өткізіп отыру;
5. Мектептің қамқоршы өнеркәсіп орындарымен байланыс жасап отыру.
6. Мектептің жылу жүйесімен, жарықпен, мұздай сумен қамтамасыз етілуін, тазалығын қадағалау, бақылау.
7. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаңа оқу жылында және жыл бойындағы кезексіз жөндеу жұмыстарын дер кезінде ұйымдастырып, басшылық жасау.
8. Мектептің коммуналдық қызметті пайдаланудағы үнемдеу іс-шараларын ұйымдастыру.
9. Мектептің қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты мәселелерін шешуге көмек көрсету.
10. Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндау;
11. Тазалық күндерін, сенбіліктерді өткізуді ұйымдастыру.
12. Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

**Мектеп кітапханашысы Нақыпбекова Меңсұлу  
лауазымдық міндеттері.**

**Таныстым:**

1. Еліміздің қоғамдық-экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасының жұмысын жетілдіру.
2. Қ.Р. Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында көрсетілгендей, оқуға құштар мектеп, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу үшін оқырмандар мен ұстаздарға көмек беруге барлық мүмкіндіктерді тудыру.
3. Қ.Р. «Тіл» туралы заңын басшылыққа ала отырып, кітапхана оқырмандарына әдебиеттер мен әдістемелік құралдарды ұсына отырып, қазақ тілінде мәдениетті де мәнерлеп сөйлеуге тәрбиелеу.
4. Қ.Р. «Білім» туралы заңының баптарына, стандарттарына, негізгі принциптеріне сүйене отырып, оқу-тәрбие ісіне қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету.
5. Оқырмандарды кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу, өз бетінше білім алуға жәрдем беру, жүйелі түрде оқу барысын қалыптастыру, шығармашылықпен түйіндеу, қабілеттілігін арттыруға көмектесу.
6. Оқушылардың әдеби кітаптарға қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.
7. Ұстаздардың кәсіби шеберлігін көтеруге көмектесу.
8. Оқулықтардың қорын көбейту. Әдеби байқаулар өткізу
9. Оқулықтардың сақталуын бақылау
10. Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

**Мектептің логопед-дефектологы Шортанбаева Айгерім  
лауазымдық міндеттері**

**Таныстым:**

**Лауазымдық міндеттері:**

- Даму мүмкіндіктері шектеулі жеткіншектер мен балалардың оқу- түзету жұмыстарын жүргізеді. Оқушыларды тексереді, құрылымы мен кемістігінің қаншалықты дәрежеде екенін анықтайды, балалардың психофизиологиялық жағдайына байланысты топтарға бөледі, балалардың дамуындағы ауытқуы бойынша, қызметіндегі өзгеру шамаларын қалпына келтіру үшін жекелей және топтық жұмыстар жүргізеді.
- Балалардың жеке мәдениетін, олардың әлеуметтенуін, оқу бағдарламасын ұғынуын қалыптастырады. Оқытудың әртүрлі формасын, әдісін, түрін және оқу құралдарын қолданады. Балалардың ауытқуы бойынша оқыту мен тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізеді. Өзінің біліктілігін жүйелі түрде арттырады.
- Әдістемелік бірлестік және басқа да жұмыстарға қатысады. Балаларға көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдану жайында ата-аналармен байланыста болады, кеңестер береді.
- Әр апта сайын атқарылған жұмыстар туралы директорға баяндайды
- Жұмыс уақыты: 8<sup>30</sup>-19<sup>00</sup> үзіліс 13<sup>00</sup>-14<sup>00</sup>

**Білуге міндетті:**

- ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық, педагогикалық қолдау туралы», «Бала құқығы туралы» заңдарын, дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзеу жөніндегі шешімдер, өкімдер, бұйрықтар және басқа да құжаттарды, арнайы педагогика, психология, жасерекшелік физиологиясы теориясын, пәнді оқыту және тәрбие беру әдістерін, оқу кабинетіне

қойылатын талаптарды, оқыту құралдары мен оның дидактикалық мүмкіндіктерін, негізгі педагогикалық ғылымның жетілген бағыттарын, еңбек заңнамаларын, еңбек қорғаудың ережесі мен нормасын, техникалық қауіпсіздікті, өртке қарсы қорғанысты.

#### **Құжаттама:**

1. Оқу жылының болжамды жұмыс жоспары
2. Жұмыс уақытының циклограммасы
3. Дефектолог мұғалімнің әрбір баланы тексеру хаттамыс мен тұжырымдамасы
4. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды Психологиялық – педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларының көшірмелері
5. Балалардың түзету сабақтарына қатысуын есепке алу журналы
6. Оқушылармен жеке-дара және топтық сабақтардың болжамды жоспары
7. Түзете дамыту жұмысының бағдарламалары мен әдістері, оның ішінде жұмыстың диагностикалық, ағарту, кеңес беру және басқа да түрлері
8. Балалардың жеке дәптерлері
9. Ата – аналармен жұмыс жоспары
10. Жыл бойғы істелген жұмыс туралы есеп

#### **Кәсіптік білім беру педагогы -Жетписова Калима**

Мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді; оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады; білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;

қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі;

кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады;

кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады ;

белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді;

балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

89. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;

психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері; компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

педагогикалық этика нормалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

90. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

91. Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

сәйкес келуі тиіс жалпы талаптарға қойылатын педагог-профориентатору, сондай-ақ

мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді; оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау әдістемелерін әзірлеуді және байқаудан өткізуді жүзеге асырады; кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша оқушылардың қызығушылықтарына зерттеу жүргізеді; өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады;

2) "педагог – модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

оқушыларға еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес мамандық таңдауға көмек көрсетеді, әр оқушының жеке бағытын жасауды үйлестіреді;

ұйымдастырушы-педагогтермен-сынып жетекшілерімен, педагог-психологтармен және медицина қызметкерлерімен бірлесіп Оқушылардың психофизиологиялық дамуына, жеке қызығушылықтары мен уәждемелеріне талдау жүргізеді;

оқушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу жетістіктерін диагностикалау негізінде оқушылармен, олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен консультациялық жұмыс жүргізеді;

кәсіптік бағдар беру мәселелерінде әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) "педагог – сарапшы":

біліктілікке сәйкес келуі тиіс: "педагог-модератор", сондай-ақ:

оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау және мансапты жоспарлау мәселелерінде бағдарламаларды, ережелерді, жоспарларды, меморандумдарды, әлеуметтік практикаларды, жобаларды және өзге де құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

жеке сандық білім беру ресурстарын жасайды;

өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады;

кәсіби кеңес беру мен кәсіптік бағдарлау жұмысының заманауи отандық, шетелдік тәжірибесін жинақтайды, жүйелейді және практикаға енгізеді;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне, сондай-ақ:

азаматтық сана-сезімі мен патриотизмі бар оқушы тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың жеке қабілеттері мен академиялық адалдығын дамытуға ықпал етеді;

оқушылардың жеке қабілеттерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолданады, оқушылармен жұмыста нәтижелілікті қамтамасыз етеді;

оқушының қызығушылығы мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мұғаліммен бірге негізгі және жоғары мектептерде оқу үшін бейінді пәндерді таңдауға жәрдемдеседі;

бойынша іс-шаралар, семинарлар, мастер-кластар өткізеді.

кәсіби кеңес беру және кәсіби бағдар беру жұмысы;

5) "шебер-педагог":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне, сондай-ақ:

авторлық бағдарламаның болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-де мақұлдау алған, басып шығарылған оқу-әдістемелік құралдардың, оқу-әдістемелік кешендердің авторы (тең авторы) болу;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіби конкурстардың қатысушысы болу.

14-параграф. Білім беру ұйымдарының вожатыйы, аға вожатыйы

92. Лауазымдық міндеттері:

балалар қоғамдық ұйымдарының, "Жас қыран", "Жас ұлан" бірлестіктеріні

#### 4.Жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыру

№	Орындалатын жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
<b>Тамыз</b>			
1	Жалпыға бірдей міндетті оқу Заңын жүзеге асыру, айлығын жариялау	ІІІ апта	М.Байболатов

2	Мөлтекаудандар бойынша 0-17 жас есебін анықтау, рейдтер жүргізу, тізімін анықтау	III апта	Жауапты мұғалімдер
3	Орта мектепті бітірген оқушылардың оқуға, жұмысқа орналасуы туралы сынып жетекшілерден мәлімет алу.	тамыз	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С Перденов
<b>Қыркүйек</b>			
1	Оқушылардың оқулықпен толық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру.	I апта	Кітапханашы М.Нақыпбекова
2	Үйде оқытылатын балаларға мұғалімдер бөліп, сабақ кестесін жасау., күнтізбелік жоспарларын жасау.	I апта	С Перденов
3	Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізу, кеңес беру.	II апта	Ж.Керімбаев
4	Ыстық тамақпен қамтамасыз ету		Б.Байғожаева
5	«Денсаулық» бағдарламасын іске асыру. Оқушылар денсаулығы туралы толық мәлімет алу.	III апта	Т.Көпеева Сынып жетекшілері
6	Мектеп алды дайындық тобына оқушыларды дайындау бойынша жұмыстар ұйымдастыру	Ай бойы	С Перденов
7	Девианттық мінез-құлықты оқушылардың отбасына педагогикалық анализ жасау	I апта	Қ.Тәжиев
8	Оқу процесіндегі қиыншылықтарды анықтау, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	I апта	Мектеп әкімшілігі
9	Сабақтан көп қалатын оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесу	Ай бойы	Мектеп әкімшілігі
<b>Қазан</b>			
1	Әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасы балаларына материалдық көмек беру	Үнемі	Б.Байғожаева
2	Үлгерімі төмен оқушылардың мектепті қалдырып кетуіне жол бермеу шараларын жасау, жастар ісі жөніндегі инспектормен байланыста болу	Үнемі	Ж.Керімбаев Сынып жетекшілер
2	Әлеуметтік бейімделуінде қиыншылығы бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық кеңес беру	Қазан айы	Қ.Тәжиев
3	Мектеп мұғалімдерімен кеңес орталығын құру	Қазан айы	С Перденов
4	Әлеуметтік-психологиялық зерттеу: «Оқушының өзін-өзі дамыту және әлеуметтік-психологиялық бейімделу проблемасы»	Үнемі	Қ.Тәжиев
6	Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын қалай өткізетіндіктеріне бақылау жасау, соған орай шара белгілеу.	Үнемі	М.Байболатов Сынып жетекшілері
7	«Тәрбиесі қиын», үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарымен жеке-жеке пікір алысулар ұйымдастыру, сауалнамалар	Үнемі	Ж.Керімбаев

	жүргізу.		
<b>Қараша</b>			
1	Девианттық мінез-құлықты оқушылармен жеке жұмыс жүргізу. Олардың сабаққа қатысуын қадағалау, зерттеу	Үнемі	Қ.Тәжиев
2	Ыстық тамақты ұйымдастыруды бақылауға алу	Үнемі	Б.Байғожаева
3	10-11 сыныптарда педагогикалық-психологиялық консилиум өткізу. Мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқаруды жетілдіру.	Үнемі	Қ.Тәжиев
4	Оқушылардың білім деңгейі және олардың даму деңгейін анықтау.	Үнемі	С Перденов
5	Ата-аналар жиналысы: «Оқушылардың білім алу жағдайы және даму деңгейінің қорытындысы»	Үнемі	М.Байболатов
6	Даму деңгейі төмен оқушылардың ата-аналарына жеке кеңес беру	Үнемі	С Перденов
<b>Желтоқсан</b>			
1	Әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасы балаларына материалдық көмек беруге бақылау жасау	Үнемі	Б.Байғожаева
2	Әлеуметтенуінде қиыншылығы бар балалардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық кеңес беру	Үнемі	Қ.Тәжиев
3	Ата-аналар лекториясы. «Дамыту, оқыту-интеллектуалдық еңбекке дайындық, дамудың фундаменті»	Үнемі	М.Байболатов, Төлеген Нуридин
4	Үлгерімі төмен оқушылармен жеке және қосымша сабақтар өткізу	Үнемі	Пән мұғалімдері
5	Мұғалімдерге арналған семинар «Оқушының білім деңгейі мен өміріне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне байланысты жүйкесіне күш түсірмеу»	Үнемі	С Перденов
<b>Қаңтар</b>			
1	Оқушылардың мамандық және кәсіптік деңгейін анықтау жұмысын қорытындылау	Үнемі	Н.Төлеген Қ.Тәжиев
2	Санитарлық-гигиеналық режимдердің орындалуына бақылау жасау	Үнемі	Сынып жетекшілер
3	Интеллектуалдық ойын: «Жеке тұлғаны дамыту негізінде оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізу»	Үнемі	Н.Төлеген
4	Тақырыптық шолу: «Оқушының даму деңгейін анықтауда жаңа технологияны пайдалану»	Үнемі	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Психолог
<b>Ақпан</b>			
1	Үй тапсырмасының орындалуын бақылау. Үй тапсырма көлемі, оқушы денсаулығына кері әсер ететін факторларды анықтау	I апта	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Психолог
2	Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы мәлімет дайындау және	II апта	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог

	талдау		Психолог
3	Мектеп шеберханасында еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау жағдайы	II апта	Н.Төлеген Ж. Керімбаев
4	Сабақтан тыс және сабақта оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын бақылау	III апта	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Психолог
5	Ата-аналар жиналысы	III апта	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері
6	Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмыс барысы	IV апта	Сынып жетекшілері
<b>Наурыз</b>			
1	Ата-аналарға жеке тақырыптық кеңес беру	I апта	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері
2	Білім олқылықтарын анықтау (1-11 сыныптар)	II апта	С Перденов
3	Пәндік үйірмелер жұмыстарының нәтижесі	III апта	Мектеп әкімшілігі Н.Төлеген
4	Сабақ мазмұнының білім стандартына сәйкесітігін анықтау	IV апта	С Перденов
<b>Сәуір</b>			
1	Журналдарды тексеру қорытындысы	Тоқсан бойында	С Перденов
2	Оқушылардың сабаққа қатысуы туралы мәлімет дайындау	II апта	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері
3	Емтиханға дайындық жоспарын бекіту	III апта	С Перденов
4	Дарынды балалармен жұмыстың қорытындысы	IV апта	Н.Төлеген
<b>Мамыр-маусым</b>			
1	Сауықтыру алаңын ұйымдастыру құжаттары	I апта	Ж.Керімбаев
2	Еңбек бригадаларын құру тізбесін жасау	II апта	Ш.Кубенов
3	Еңбек демалысының тізбесін жасау	III апта	С Перденов
4	Оқушылар қозғалысы	IV апта	С Перденов
6	Журналдарды тексеру, қабылдап алу	Тоқсан бойында	С Перденов
7	Аттесат, куәлік беру	III апта	Мектеп әкімшілігі
8	Білім сапасы бойынша есеп беру	IV апта	С Перденов

## 5. Педагогикалық кадрлармен жұмыс

<b>I. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру</b>			
<b>Мақсаты:</b> Педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру.			
№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Әр мұғалімнің кәсіби өсу картасын ашу.	Қыркүйек	ӘБЖ
2	Шығармашылық топ жұмысын ұйымдастыру.	Қыркүйек	Н.Төлеген
3	Мұғалімнің іс-әрекетін зерттеу	Жыл бойы	С Перденов
4	Авторлық бағдарламалар жасау бойынша әдістемелік көмек көрсету.	Үнемі	ӘБЖ
5	Қазіргі сабаққа қойылатын талап бойынша пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету.	Үнемі	ӘБЖ

6	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша курстан өту жоспарын жасау және мұғалімдерді курстан өткізуді бақылау.	Қыркүйек	Н.Төлеген
7	Курстан өту туралы есеп дайындау.	Қазан	С Перденов
8	Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру мақсатында байқаулар, семинарлар, іскерлік ойындар өткізу.	Жыл бойы	Н.Төлеген
9	Мұғалімнің шығармашылық шеберлігін дамыту мақсатында айлық шығармашылық күнін өткізу.	Ай сайын	С Перденов
10	Мұғалімнің рейтингісін анықтау бағытында жұмыстар ұйымдастыру.	Жарты жыл сайын	С Перденов
11	Мұғалімдерді әдістемелік ақпаратпен қамтамасыз ету.	Үнемі	С Перденов

### III. Жас мамандармен жұмыс

#### Мақсаты: Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету

1	Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту.	Қыркүйек	М.Байболатов
2	Жас мамандардың кәсіптік деңгейін және әдістемелік дайындығын зерттеу.	Жыл бойы	С Перденов
3	Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатыстырып әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	ӘБЖ
4	Жас мамандар үшін «Мұғалім құзыреттілігі» тақырыбына семинар өткізу.	Желтоқсан	С Перденов
5	Жас мамандардың ашық сабақтары.	Ақпан	С Перденов
5	Журнал толтыру, техника қауіпсіздігі, жеке іс-қағаздарды толтыру бойынша жас мамандарға кеңес беру.	Қазан	С Перденов
6	Жоспар құру, сабақтың құрылымы туралы әдістемелік көмек беру.	Қыркүйек	С Перденов
7	Стандарт талабының орындалуы туралы жас мұғалімдермен кеңес.	Желтоқсан	ӘБЖ

### IV. Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау

#### Мақсаты: Мұғалімдердің біліктілік санатын талапқа сай көтеру.

1	Семинар: «Нормативтік құқықтық база және аттестация мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулар».	Қараша	С Перденов
2	Мұғалімдерді аттестация ережесімен таныстыру.	Қыркүйек	С Перденов
3	Аттестациядан өту үшін толтыратын арыздар бойынша жеке кеңестер беру.	Қазан	Бірлестік жетекшілері
5	Аттестациядан өту үшін жазылған өтініш-арыздарды қабылдау.	Қазан	М.Байболатов
6	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін анықтау.	Қыркүйек	Бірлестік жетекшілері
7	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің өтініштерін жинақтау, құжаттарын әзірлеу, сабақтарына қатысу, нәтижесін бақылау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі С Перденов
8	<b>Бұйрықтар дайындау:</b> Мектепшілік аттестациялық комиссия құру туралы;  Эксперттік топ құру туралы; Мұғалімдердің біліктілік санатын	Қыркүйек  Қазан	М.Байболатов

	көтеру аттестациясын өткізу туралы.		
9	Аттестация бойынша стенд дайындау.	Қыркүйек	С Перденов
10	Аттестациялық комиссия және эксперттік топ мүшелерінің міндеттерін бекіту.	Қыркүйек	С Перденов
11	Ашық сабақтар ұйымдастыру, аттестациядан өтетін мұғалімдердің тәжірибесімен танысу.	Кесте бойынша	С Перденов
	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі.	Наурыз	С Перденов
13	Аттестациядан өту мәселесі бойынша аналитикалық материалдарды жинақтау.	Сәуір	С Перденов
<b>Озық тәжірибені жинақтау, тарату</b>			
<b>Мақсаты: Озық педагогикалық тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамыту және жетілдіру.</b>			
1	Озық педагогтардың жұмыс жүйесін зерттеу және жинақтау.	Қыркүйек Қазан	С Перденов
2	БЖ отырысында тәжірибені қарау, талқылау.	Желтоқсан	ӘБЖ
3	Ашық сабақтар арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.	Жыл бойы	С Перденов
4	Тәжірибені жинақтай отырып, оны қолдану негізінде қол жеткен нәтижелерді сипаттау және талқылау.	Ақпан	С Перденов
5	Педагогикалық кеңестерде, әдістемелік бірлестік отырысында озық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару.	Наурыз	С Перденов
6	Озық тәжірибені тарату мақсатында тәжірибені іс жүзінде көрсету (ашық сабақтар, семинарлар, жиналыстар).	Жыл бойы	С Перденов
7	Озық тәжірибе көрмесін өткізу.	Сәуір	С Перденов
8	Тәжірибе материалдарын көрнекті түрде әдістемелік кабинетке ұсыну, баспасөз беттеріне жариялау.	Мамыр	Н.Төлеген

### Мектеп директорының жылдық жұмыс циклограммасы

Тамыз	
1.	Білім саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес және бүкіләлемдік пандемияға байланысты мектеп жұмысын жоспарлау және жүргізу.
2	2023-2024 оқу жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды басшылыққа алу .
3	Оқушыларды мектепке қабылдау
4	Мектеп ғимаратының, оқу бөлмелерінің, шеберханалардың, спорт залының жаңа оқу жылына дайындығы
5	Мектеп кітапханасының оқу және әдістемелік әдебиетпен қамтылуын тексеру.
6	Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің тамыз конференциясына онлайн қатысуын қадағалау.
7	Тамыз педагогикалық кеңесі, ҚР білім және ғылым министрінен келген нұсқаларды таңдау, мектептің жоспарын, күн тәртібін бекіту. Жаңа қабылданған педагогтармен танысу.
8	Мектеп кітапханашысының санитарлық талаптарды орындай отырып оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз етілуін бақылау.
9	Сабақ кестесін оқыту бойынша бекіту.
10	Мектеп қызметкерлерінің жұмыс кестесін бекіту.
11	Мектеп әкімшілігінің, санитарлық талаптарды орындай отырып мұғалімдердің, оқушылардың кезекшілік кестесін бекіту.
12	Тарификация бойынша есеп беру құжаттарының дайындалуына басшылық жасау.

13	Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша талдау, жаңа оқу жылының жоспарын нақтылау.
14	ҰБТ қорытындысы бойынша оққылықтар мен жетістіктеріне талдау жасау, келесі оқу жылының жоспарына осы қорытынды бойынша түзетулер енгізу.
<b>Қыркүйек</b>	
1	«Алғашқы қоңырау» мерекесі өткізу 1-11 сыныптарға
2	Үйірмелердің, факультативтердің, элективтік курстардың, спорт секцияларының жұмыс жоспарын бекіту.
3	Сабақ кестесіне түзетулер енгізу.
	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, тәрбие жоспарын, жаңа оқу бағдарламаларын бекіту.
4	ҰБТ дайындық жұмыстарының жоспарын бекіту, жауап беретін мұғалімдердің міндеттерін нақтылау, бекіту.
4	1-ші жарты жылдыққа бақылау, лабораториялық және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу кестесін құру.
5	Үйде оқитын ауру балаларды анықтау, бағдарламасын, тізімін бекіту.
6	Аудандық оқу бөліміне есеп тапсыру, тарификация.
7	Мектепшілік әдістемелік бірлестіктер отырысы. Жаңадан қабылданған мұғалімдермен жұмыс.
8	Ата-аналар комитетін құру.
9	Директор жанындағы кеңес .Мектеп кеңесін құру.
10	Оқушылардың жеке іс қағаздарын, алфавиттік кітабын, есеп бланкілерін уақытылы тексерілуін қадағалау.
11	Жолда жүру тәртібі бойынша айлық өткізу. (басшылық жасау)
12	Денсаулық күнін өткізу. (басшылық жасау)
13	5- сыныптарға қорытынды бақылау алу, бейімделу деңгейін анықтау жұмыстарын ұйымдастыру.
14	2-4 сыныптарда білім оққылығын анықтау мақсатында орыс тілі және математика сабақтарынан бақылау жұмысын алуды қадағалау.
15	«Интеллект» клубын құру (басшылық жасау)
16	Әдістемелік кеңес жұмысының жоспарын, пән апталықтар, декадалар, мектепшілік олимпиадалар кестесін бекіту.
17	1-сынып оқушыларының бейімделу деңгейін зерттеу жұмыстарына басшылық жасау
18	Дене шынықтыру және ӨҚН (өмір қауіпсіздігі негіздері) онкүндігін ұйымдастыру
19	Мектептің қысқа дайындығы.
<b>Қазан</b>	
1	Қиын оқушылармен жеке жұмыс(басшылық жасау)
2	Мұғалімдер күніне марапаттау жұмыстарын ұйымдастыру.
3	Дарынды балалармен жұмыс. (басшылық жасау)
4	Пән апталықтарын ұйымдастыру және өткізу (басшылық жасау)
5	Мектепшілік аттестация комиссиясының жұмысы.
6	Тамақтандыру жұмысын ұйымдастыру.(басшылық жасау)
7	Техника қауіпсіздігі бойынша журналдарды тексеру
8	10 -сыныптарда қорытынды бақылау.
9	Мектеп құжаттарын тексеру.
10	Оқушылардың интеллектуалдық марафондарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру
11	Оқушыларға дәрігерлік көмек көрсету, мектеп дәрігерінің жұмысын бақылау.
12	1-ші тоқсан қорытындысы
13	Жалпы ата-аналар жиналысы.
14	Директор жанындағы кеңес
15	ҰБТ дайындық курстарын ұйымдастыру.
16	Бейінді-бағдарлы оқыту жүйесіне көшу бойынша жұмыстарды басшылыққа алу.
<b>Қараша</b>	
1	1-ші тоқсан қорытындысы, талдау.
2	Бақылау мен басшылық бойынша жоспарланған жұмыстың орындалуы.
3	«Дөңгелек үстел» Оқушылардың ғылыми жетекшілермен, кеңесшілерімен кездесуіне қатысу
4	Үйірме, факультатив, спорт секция жұмыстарын бақылау.
5	Білім клас журналының жүргізілу сапасын қадағалау.
6	Психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстарын бақылау.
7	Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесін өткізу (КТІЖБ-н бірлесіп).
8	<b>ББМЖ, ҰБТ</b> оқушылардың дайындық деңгейін анықтау.

9	Қалалық пән олимпиадаларына оқушылардың қатысуын қадағалау.
10	Мектеп мұғалімдерінің жаңа білім технологияларын пайдалануын бақылау. Әдістемелік кеңес отырысы
11	Педагогикалық кеңес.
12	Пән апталықтарын өткізу кестеге сәйкес
13	Мектеп өмірін ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізу (оқушы портфолиосы) оқушылардың таңдау мүмкіншілігін жетілдіру жұмыстарын бақылау.
<b>Желтоқсан</b>	
1	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына ену.
2	Бейіндік оқыту мәселесі бойынша оқушылармен жеке кеңес.
3	1-ші сынып оқушыларының ата-аналарын эксперттік-диагностикалық зерттеу жұмыстарын бақылау.
4	1-ші сыныптарда психологиялық-педагогикалық консилиум өткізуді ұйымдастыру.
5	1-жарты жылдық әкімшілік бақылау жұмыстарын ұйымдастыру.
6	Бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша білім үрдісінің мониторингі
7	Жаңа жыл мерекесін дайындау, өткізу (басшылық жасау). Каникул жоспарын бекіту.
8	КЖЕ және ӨҚН бойынша оқушылардан сынақ алуды ұйымдастыру.
9	Өрт қауіпсіздігі режимін сақтау бойынша жұмыстар ұйымдастыру.
10	Шеберханаларда, лабораторияларда, бөлмелерде және спорт залында еңбек қауіпсіздігінің сақталуын бақылау.
11	1-ші жарты жылдық жұмыс қорытындысы. Нормативтік құжаттармен жұмыс.
12	«Жыл мұғалімі» байқауын ұйымдастыру.
13	Мектепшілік ата-аналар жиналысы
14	1-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша мектеп жиыны.
15	Директор жанындағы кеңес
16	ОЖСБ, ҰБТ бойынша жүргізілген жұмыстарды талдау.
17	Озық педагогикалық тәжірибенің таратылуын қадағалау.
<b>Қаңтар</b>	
1	1-ші жарты жылдық жұмыс қорытындысы, талдау.
2	Оқу жоспарларының орындалуының талдауы
3	Журналдарды тексеру. Білім класс
4	Аудандық (қалалық) білім бөлімдеріне есеп тапсыру
5	Екінші жарты жылдықта өтілетін бақылау, зертханалық тәжірибелік жұмыстарының тізбесін құрылуын бақылау.
6	II-тоқсан бойынша бақылау мен басшылық жоспарының орындалуын талдау. III-тоқсанға жоспар түзу
7	Мектеп оқушыларының ауруы мен жарақат алу деңгейін талдау
8	Педагогикалық кеңес
9	Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесін өткізу (КТІЖБ-н бірлесіп)
10	Мектеп аттестациялық комиссиясының жұмысы
11	Шет тілдері апталығы
12	Директор жанындағы мәжіліс
13	Мұғалімдердің аудандық (облыстық) «Жыл сынып жетекшісі», «Жыл мұғалімі» байқауына қатысуын қадағалау
14	Сабақтарға және сыныптан тыс шараларға қатысу және оларды талдау.
15	Инвентаризация жүргізу
<b>Ақпан</b>	
1	9-сынып оқушыларының мамандықты таңдауы (элективті топтар)
2	9-сыныптардағы психологиялық-педагогикалық консилиум
3	9-сынып оқушыларын тереңдетіп диагностикалау жұмыстарына басшылық жасау
4	Үйірме, факультатив, элективті курстардың жұмысын бақылау
5	Мектеп бітірушілермен кездесу кештерін ұйымдастыруға басшылық жасау.
6	7, 8-сынып оқушыларын бақылау (мониторинг)
7	1-сынып оқушылары үшін қосымша демалыс (ұйымдастыру іс-шаралары)
8	Директор жанындағы мәжіліс
9	Мектептің аттестациялық комиссиясының жұмысы
10	Аттестацияланушы мұғалімдердің шығармашылық есебі
11	Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесін өткізу (КТІЖБ-н бірлесіп)
12	Әдістемелік кеңес. «Мектеп мұғалімдерінің жаңа білім технологияларын пайдалану нәтижесі»
13	Жасөспірім үшін аса маңызды өмірлік проблемалар рейтингісін анықтау. 8-11 сынып оқушыларының арасында жүргізілген сауалнама нәтижесімен танысу.

14	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығы.
15	Мектепшілік ғылыми- практикалық конференция өткізуге басшылық жасау.
16	Оқушылардың тамақтануы мен санитарлық-гигиеналық талаптар режимінің сақталуын талдау.
17	9, 11 сынып оқушыларымен емтиханға және ҰБТ дайындалу мәселесі бойынша кездесу . «Дөңгелек үстел»
<b>Наурыз</b>	
1	«Қауіп» тобындағы балалардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын талдау.
2	11-сынып оқушыларымен мамандық таңдау бойынша жұмыстар жүргізу.
3	ҰБТ байланысты 11-сыныптардағы психологиялық-педагогикалық консилиум.
4	11-сынып оқушыларын тереңдетіп диагностикалау.
5	9, 11-сынып оқушыларының емтихандарды таңдауы.
6	Мектеп қызметкерлерінің кезекті демалысқа шығу тізбегін құру
7	Оқушылардың жазғы демалысын жоспарлау.Оқушылардың жазғы еңбек биғадасын құру.
8	Қамқорлықтағы оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
9	Балаларға арналған кітап апталығын өткізуге басшылық жасау
10	Мектеп аттестациялық комиссиясының жұмысы .
11	Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесін өткізу (КТІЖБ-н бірлесіп)
12	Педагогикалық кеңес
13	Оқушылардың халықаралық «Кенгуру» интеллектуалдық марафонына қатысуы
14	«Наурыз» мерекесі
15	Музыка, бейнелеу, технология пәндерінің апталығы
16	Дайындық тобының жұмысын бақылау.1-сыныпқа дайындық деңгейін анықтау.
17	Аудандық (облыстық) оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясына қатысу
18	Шеберханаларда, зертханаларда,спорт залында және кабинеттерде қауіпсіздік ережесінің сақталуын тексеру
19	Өртке қарсы тәртіптің сақталуын бақылау.
20	Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы.
21	Директор жанындағы кеңес
<b>Сәуір</b>	
1	ІІІ-тоқсанның үлгерім қорытындысы мен талдауы
2	ІІІ-тоқсан бойынша бақылау мен басшылық жоспарының орындалуын талдау. ІVтоқсанға жоспар түзу
3	Келесі оқу жылына алдын-ала сыныптар тізімін белгілеу
4	Бақылау, зертханалық және тәжірибелік жұмыстарға арналған дәптерлерді тексеру (бақылау жасау)
5	Мектеп құжаттарын тексеру (бақылау жасау)
6	9, 11-сыныптарда математикадан , қазақ тілі және тарихтан байқау бақылау жұмыстарын, тест алу
7	Бітіруші сыныптардағы математика , қазақ тілі және тарих пәндерінен білім сапасы мониторингі
8	4-сыныптар бойынша психологиялық-педагогикалық консилиум
9	4-сынып оқушыларының даму диагностикалық картасын толтыру
10	1-5-сыныптардағы оқу дағдысының сапа мониторингісі
11	Бастауыш сынып онкүндігі
13	Бітіруші сынып оқушылары үшін емтихандар, ҰБТ, кеңес кестесін құру
14	Пән үйірмелері, факультатив жұмыстарының қорытындысы
15	«Дарынды балалармен жұмыста жеке білімділік траекториясын пайдалану нәтижесін талдау.Өзекті мәселелер, оны шешу жолдары» .Әдістемелік кеңес.
16	Жеңіс күнін мерекелеуге дайындық
17	Мектеп аттестациялық комиссиясының жұмысы
18	Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесін өткізу (КТІЖБ-н бірлесіп)
19	Дайындық тобы оқушыларымен жүргізілген жұмыстың нәтижесі.Мониторинг.
20	Директор жанындағы кеңес
21	Әдістемелік бірлестіктердің жылдық жұмысына талдау жасау және келесі жылға жұмысты жоспарлау
22	Психологтардың ҰБТ кезінде оқушыларға және ата- аналарға психологиялық - педагогикалық қолдау көрсету бойынша жұмыстарының жүргізілуін бақылау.
<b>Мамыр</b>	
1	Оқу- тәрбие үрдісіне қорытынды бақылау жасау ( аралық бақылау жұмыстары, емтихандар, қорытынды аттестация )
2	Оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру және қорытынды аттестацияға жіберу туралы

	педагогикалық кеңес
3	Емтихан материалдарын бекіту
4	Жеңіс күнін тойлау
5	«Соңғы қоңырау» мерекесіне дайындалу және өткізу
6	Оқу жылына аналитикалық талдау жасау.Келесі оқу жылының жұмысын жоспарлау
7	Мектеп аттестациялық комиссиясының жұмысы
8	Дайындық тобының 1-сыныпқа дайындығы. (талдау)
9	Математика және қазақ тілінен, тарихтан, таңдау пәндерінен байқау тестерін өткізу
10	Мектеп лагерінің жұмысын ұйымдастыру
11	Жолда жүру ережесі мен өмір қауіпсіздік негіздері бойынша оқушылар арасында сынақ алу
12	Мектеп кітапханасына оқулықтарды өткізуді бақылау
13	Оқу жылының қорытындысы бойынша жалпы мектептік жиын.
14	Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы
15	Директор жанындағы мәжіліс
<b>Маусым</b>	
1	Оқушыларды қорытынды аттестациялау. ҰБТ, емтихандар
2	9, 11-сыныптардың орталау, орта мектепті бітіруі туралы педагогикалық кеңестер
3	Жыл қорытындысы бойынша статистикалық есеп беру
4	Мектепті жөндеуден өткізу
6	Мектептің жазғы лагерінің жұмысы

### Бастауыш сыныптар бойынша әдістемелік жұмыс жоспары

#### Мақсаты:

Бастауыш сынып оқушыларына өзін - өзі іске асыруына оқытудың тұлғаға бағытталуына қолайлы жағдай жасау, әдістемелік қызметті жетілдіру арқылы білім сапасын арттыру.

<b>Қыркүйек</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
Сабақ кестесін реттеу. Ай сайын білім стандарты талаптарына сәйкес оқушылар білімін тексеріп, талдау жасап, олқылықтарды түзету шараларын жүргізу. Оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарды орындау бойынша әдістемелік көмек беру.	Сыныптар тізімін анықтау.  Шығармашылық топ құру	Журналдардың ұқыпты, уақытылы толтыруын бақылау. Әліппе сабақтарына қатысып оқу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері бойынша әдістемелік көмек беру.	Мектепшілік күн тәртібімен мұғалімдерді таныстыру. Кітапханашымен бірге оқулықтар және әдеби кітаптар мәселесін талқылау.
1 - сынып оқушыларының жеке құжаттарын тексеру	Мұғалімдердің сапалық құрамы, тарификация, оқушылар қозғалысы туралы жылдық есеп материалдарын дайындау.	Мұғалімдерге қауіпсіздік техникасы туралы нұсқау беру.	Жылдық жоспарды талдау және жаңа оқу жылының жұмысын жоспарлау. Оқушылардың көшеде жүру тәртібі бойынша сынып жетекшілердің жоспарын бекіту.
Мектеп құжаттары мен сынып журналдарын толтыру жөнінде кеңес өткізу.	Күнтізбелік – тақырыптық жоспарларды талқылау, бекіту. Жазба жұмыстарының кестесін жасау.		Мұғалімдердің сапалық құрамын анықтау. Төмендегі мұғалімдердің тізімін нақтылау: - Біліктілігін көтеру курстарына бару қажет мұғалімдер; - Біліктілік санатын көтеру үшін аттестациядан және

			қайта аттестациялаудан өтетін мұғалімдер.
Дәптерді ұстау мәдениеті (тазалық, ұқыптылық, жазба жұмыстарының, сыртының жазылуы, тақырыбы, баға қойылуы) бойынша мұғалімдерге нұсқау беру.	Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуін бақылау. Оқу бағдарламаларын зерттеу, пән бойынша оқу әдістемелік құралдармен қамту.	Мұғалімдердің еңбек тәртібін жан-жақты бақылау. Нәтижеге бағытталған оқу жүйесіне көшу бойынша мұғалімнің алдында тұрған міндеттер бойынша әдістемелік көмек.	Оқу бағдарламаларының орындалуын қадағалап, сабақтарға қатысу.
<b>Қазан</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
	Бастауыш сынып оқушыларымен мектеп психологының жұмыс барысын бақылау	Семинар «Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс»	Жаңаша бағытта жұмыс жүргізетін алдыңғы қатарлы мұғалімдерді сабақтарына кіру арқылы анықтау.
Жаңа технологияларды мектепке ендіру бойынша шығармашылық топ мүшелерінің жұмысын бақылау.		Оқушылар үлгерімі мен оқу бағдарламасының орындалуы туралы мұғалімдердің есебі.	I тоқсан қорытындысы. Талдау, диагностикалық зерттеу жүргізу.
Шығармашылық күн. Озат тәжірибелі мұғалімдердің ашық сабақтары.	Интеллектуальдық сайыстарға оқушылардың дайындық барысын бақылау.		Пед кеңеске тоқсандық қорытынды бойынша ақпарат жинақтау.
Оқушының өз бетінше дамуына жағдай жасау туралы мұғалімдерге әдістемелік көмек.		3 – сыныптарда математика пәнінің оқылу деңгейін тексеру, сабақтарға ену, бақылау жұмыстарын алу.	
<b>Қараша</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
Білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын іздестіру.		Пән бойынша білім сапасы туралы үнемі ақпарат алып отыру.	
Біліктілік санатын көтеру үшін аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу.	Бастауыш сыныптар бойынша оқу техникасының сапасын анықтау.	Математика сабақтарында оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.	Сабақтарға кіру талдау жасау, білім сапасын басқару жолдарын айқындау.
Алдыңғы қатарлы, озық тәжірибелі мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу, жинақтау.	Дарынды балалармен жұмысты үнемі бақылау, бастауыш сыныптар бойынша олимпиадаға қатысатын оқушылар тізімін бекіту.		Бастауыш сыныпта оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен танысу, осы бағытта жүргізілген жұмыстарды бақылау.

<b>Желтоқсан</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша курсқа бару  тізімін нақтылау.		Семинар «Сабақ үрдісінде деңгейлеп оқытудың тиімділігі».	
Мектепшілік олимпиадаға пәндер бойынша оқушыларды дайындау.	Шығармашылық топ жұмысының есебі.	Жарты жылдық бойынша сапа көрсеткішін анықтау.	Тоқсандық қорытынды, бақылау жұмыстарын алу, білім сапасын анықтау.
Оқушылардың пәнаралық олимпиадаға дайындық жұмыстарын бақылау.	Жан –жақты бақылау: Мұғалімдердің оқытудағы әдістемелік шеберлігін бақылау, өз білімін көтеру жұмыс жоспарын қарап шығу.	1-ші жарты жылдық қорытындылары бойынша диагностикалық зерттеу. Мониторингтер.	1-ші жарты жылдық қорытындылары бойынша әдістеме бірлестігінің есебі.
<b>Қаңтар</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге дайындық бойынша мұғалімдер мен ата – аналар арасында іс-шаралар ұйымдастыру.	1-ші жарты жылдық қорытындылары туралы ата- аналармен кездесу.		Бастауыш сыныптардағы ағылшын тілі сабақтарының өту деңгейін анықтау.
Жеке тұлғаның даму диагностикасын анықтау бойынша пән бірлестік жетекшісімен жұмыс.	Шығармашылық күн (озық тәжірибені жинақтау, тарату).	Ән , сурет, еңбек пәндері бойынша апталық.	Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын дамытудың тиімді әдістерін сабақта қолдану (тәжірибе алмасу)
		Семинар «Математика сабақтарында оқушылардың есептеу дағдыларын қалыптастыру жолдары».	Оқушылардың шығармашылығын дамыту сабақтарын ұйымдастыру.
<b>Ақпан</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
Озат мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жинақтау.	Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша дене шынықтыру мұғалімдерімен сұхбаттасу.	Көшеде жүру ережесі апталығы.	Қазақ тілі, математика сабағында оқушы құзыреттілігін дамыту.
Стандарт талабының орындалуын қадағалау.		Практикалық семинар «Қазақ тілі пәнін оқытудағы интерактивті әдістер».	Күнделікті жоспарға қойылатын талаптар бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек.
	Ата –аналармен педагогикалық-психологиялық	Аз қамтамасыз етілген оқушыларға қолдау көрсету жолдарын	Пәндер бойынша білім олқылықтарын анықтау.

	кеңес өткізу.	мектеп психологы және әлеуметтік педагогпен бірге қарастыру.	
<b>Наурыз</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
Факультатив, үйірме сабақтарының жүргізу сапасын анықтау.	Оқушыны әлеуметтендіру, өмірге бейімдеу мәселесі бойынша әлеуметтік педагогпен бірлесіп ата – аналармен кездесу.	Оқу бағдарламаларының орындалуы, меңгеру сапасының нәтижелері туралы мәліметтер жинақтау.	3-4 сынып аралығында мәнерлеп оқу сайысын өткізу. Озық мұғалімдердің шығармашылық есебін жинақтау, тарату.
Оқушы құзыреттілігін дамыту туралы мұғалімдермен пікір алмасу.	Семинар «Үйірме - оқушы шығармашылығын шыңдайтын сыныптан тыс жұмыс».	Денсаулық апталығын өткізу.	Мұғалімнің кәсіби тұлғасын, құзыреттілігін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізу.
<b>Сәуір</b>			
<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
Сыныптан тыс үйірме сабақтарына қатысу.	Ата – аналар жиналысын өткізу.	Педагогикалық қарым - қатынас - білім үрдісі тиімділігінің ең маңызды шарты.	Озат іс – тәжірибелерді жинақтап, тарату.
4 – сыныптың ана тілі сабақтарына қатысу.	2 – сыныптар арасында білім сайысы.	3 – 4 сыныптардағы дене шынықтыру сабақтарына қатысу.	3 – сынып оқушыларынан тест алу. Мақсаты: оқушылардың білімінің қалыптасу деңгейін анықтау.
